

8D01702 – Шетел тілі: екі шетел тілі білім алу бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған

"Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін шет тілінде даярлаудағы сандық технологиялар"

тақырыбындағы С. Т. Абдрахманованың диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Диссертациялық зерттеу қазіргі кезеңдегі жоғары білім беруді жаңғырту үдерісімен тығыз байланысты өзекті тақырыпқа арналған. ХХІ ғасырдағы білім беру жүйесінің дамуындағы негізгі стратегиялық бағыттардың бірі – оқу процесін цифрландыру, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және болашақ мұғалімдерді жаңа жағдайға бейімдеу болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысы уақыт талабына толық жауап береді және Қазақстандағы білім беру ғылымына да, педагогикалық практикаға да қосар үлесі айқын.

Зерттеудің ғылыми бағыты – болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде сандық технологияларды пайдаланудың теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындау. Автор диссертациясында сандық технологиялардың теориялық негіздерін, түрлері мен классификациясын, олардың шетел тілдерін оқытудағы халықаралық тәжірибесін талдаған цифрлық сауаттылық пен құзыреттілік ұғымдары жан-жақты қарастырған. Жұмыс барысында педагогикалық шарттар, әдістемелік құралдар, заманауи білім беру платформаларының мүмкіндіктері талданып, олардың тиімділігі нақты ғылыми деректер арқылы дәлелденген.

Диссертацияда ұсынылған ғылыми-әдістемелік модель ерекше құндылыққа ие. Ол болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған және білім алушылардың заманауи еңбек нарығында сұранысқа ие болуына ықпал етеді. Мұндай модельдің артықшылығы – оның практикалық қолданбалы сипаты. Яғни, ұсынылған жүйені жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесіне тікелей енгізуге болады, бұл білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының құрылымы логикалық жағынан бірізді, мазмұны терең. Диссертацияның барлық бөлімдері мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Әр тарауда ғылыми ойлау дәйектілігі сақталған, теориялық және тәжірибелік аспектілердің бірлігі қамтамасыз етілген. Автор әдебиеттерді шебер талдап, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, өзінің ғылыми көзқарасын қалыптастырған.

Эксперименттік-тәжірибелік жұмыс дер кезінде және ғылыми талаптарға сәйкес ұйымдастырылған. Оның нәтижелері сенімді статистикалық әдістер арқылы талданған, деректердің дұрыстығы қамтамасыз етілген. Автор зерттеу барысында тексерілген әдістемелік

тұжырымдармен үйлесіп, зерттеу қорытындыларының сенімділігін арттыра түсті.

Диссертанттың ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін ерекше атап өткен жөн. Абдрахманова С. Т. жұмысты орындау барысында ғылыми ізденіске бейімділігін, дербестігін, жауапкершілігін және адалдығын көрсетті. Ол деректерді жинақтау, талдау, қорыту кезінде шығармашылық тұрғыдан жан-жақты қарастыра білді, статистикалық әдістерді сенімді әрі еркін қолданды. Сонымен бірге, ғылыми кеңестерді орынды пайдаланып, зерттеуін жетілдіруге белсенді атсалысты.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы – болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлау процесінде сандық технологияларды пайдаланудың теориялық-әдіснамалық негіздерін нақтылауымен, педагогикалық шарттар мен әдістемелік құралдарды жүйелі талдауымен және ғылыми тұрғыда негізделген үлгі ұсынуымен ерекшеленеді. Бұл жаңалықтар Қазақстандағы педагогикалық ғылым мен практикаға қосылған айтарлықтай үлес болып табылады.

Диссертацияның теориялық құндылығы – сандық технологияларды білім беру процесіне енгізудің тұжырымдамалық негіздерін кеңейтуінде, практикалық маңызы – ұсынылған әдістемелік жүйенің жоғары оқу орындарының оқу процесінде тиімді пайдаланылуында. Бұл зерттеу нәтижелері Қазақстандағы білім берудің сапасын арттыруға, педагогикалық кадрлардың кәсіби деңгейін көтеруге нақты ықпал ете алады.


Абдрахманова Самал Туkenовнаның диссертациялық жұмысы толыққанды, логикалық тұрғыдан аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Жұмыс мазмұны қойылған мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы жоғары, әдіснамалық және әдістемелік құндылығы айқын.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Абдрахманова Самал Туkenовнаның «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін шет тілінде даярлаудағы сандық технологиялар» атты PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысын докторлық диссертациясын қорғауға ұсынуға болады. Диссертанттың зерттеуі логикалық тұрғыдан аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады, біліктілік жұмыстарына қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді деп есептеймін және оны қорғауға ұсынуға болады. Ал оның авторы Абдрахманова Самал Туkenовна 8D01702 – Шетел тілі: екі шетел тілі білім алу бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми кеңесші:
PhD, профессор



Саржанова Ғ.Б.

РАСТАЙЫН
Ғалым хатшы 
Н.Е. Тугинова
20 25 ж. « » »